

ӘОЖ 398.2:821.512.122

Ж.Қ.Смағұлов, А.Ж.Абдикадинова

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.  
E-mail: ai-akta@mail.ru

### А. Сейдімбек зерттеулеріндегі қара өлеңдердің жанрлық ерекшеліктері

Мақалада А.Сейдімбектің қазақ халқының фольклорлық мұрасы туралы еңбектері қарастырылады. Ол қазақ халқының әдеби шығармашылығындағы осы бағытқа баса назар аударған болатын. Сонымен қатар халық арасында ауыздан-ауызға тараған халық ауыз әдебиетінің бір саласы – қара өлеңдерді зерттеген еңбектері ғылыми тұрғыда талданған. Қазақтың қара өлеңдерінің жанрлық ерекшеліктері сараланып, бұған дейінгі зерттелу жайы айтылған.

**Түйін сөздер:** фольклор, қара өлеңдер, әдебиет, музыка, мәдениет, өнер.

Zh.K.Smagulov, A.Zh.Abdikadirova

#### Particular genre of folk songs in studies A. Seydimbek

This article describes A.Seydimbek's research work about Kazakh folklore. He attached great importance to this area in the literary work of the Kazakh people. Also there is scientific analysis of studies on one of the areas of folklore – folk songs that have been passed from mouth to mouth. The article includes information related to genre features of Kazakh folk songs and about researches that were conducted up to this time.

**Keywords:** folklore, folk songs, literature, music, culture, art.

Ж.К.Смағұлов, А.Ж.Абдикадинова

#### Жанровые особенности народных песен в исследованиях А. Сейдимбека

В статье рассматриваются труды А.Сейдимбека о наследии казахского народного фольклора. Он придавал особое значение данному направлению в литературном творчестве казахского народа. Также дается научный анализ работ по исследованию одного из направлений устного народного творчества – народных песен, которые передавались из уст в уста. Были рассмотрены жанровые особенности казахских народных песен, сказано о других исследованиях, которые проводились до этого времени.

**Ключевые слова:** фольклор, народные песни, литература, музыка, культура, искусство.

Шығармашылық жолын алғаш жазушылықтан бастаған А.Сейдімбек көркем шығарманы өзі айтпақшы «бос сөздің желқабызы» деп есептейді де, одан да еліміздің құрып бара жатқан руханиятын құтқаратын ғылыми-көпшілік жанрға көшуді жөн көреді. Оның есептеуінше суреткер қиялынан туған көркем шығарма дүниені өзгертуге келгенде ең дәрменсіз тірліктердің бірі болып қала береді, ол қарыны ашқан балаға тамақ берудің орнына ойыншық бергендей ғана гәп деген ой айтады. Қазіргі заман біздің халықты көркем шығармамен жұбататын, авторлық қиялдан туған әдемі сөзбен әлдилейтін кез емес екені рас. Сондықтан

да Ақселеу Сейдімбек жазушылықтан өзі саналы түрде бас тартып, ғылымға, ұлтының этнографиясын, әдебиетін зерттеп, оны халқына жеткізуге өмірінің 40 жылға жуық уақытын арнайды. Ақселеу бұл қадамға саналы түрде барған жазушы. Ол шындықты тұспалдап айтатын көркем шығармаға қарағанда турасын тікелей, ашып айтатын ғылыми еңбектер еліме керегірек, пайдалырақ деген ойға бекінген болатын. Ақселеу Сейдімбек қазақтың қара өлеңінен бастап, музыка өнерін, салт-дәстүрін, аңшылық-саятшылығын, шежіре-тарихын ерінбей зерттеп, халқының игілігіне қызмет етті. Ғалым Ақселеу көненің көзін ашып, тарихын түгендеп,

даланың даналығын жинап, ұлтымыздың рухани қазынасына, қазақтануға олжа салған еді.

«Ел өмірін терең зерттеп өскен, алыс ауылдарда малшы, аңшылар ортасында көп болған жас таланттың көргендерін қадағалап, зердесіне түюі, сол арқылы адам мен оны қоршаған ортаның, дала табиғатының сырын ойшылдықпен, сезімталдықпен пайымдауы оны әдебиет әлеміне алып келген-ді» [1, 5], – дейді Серік Қирабаев. Расында да, сол кезеңде көшпелі өмір салтының жұрнағы әлі де болса сақталған ауылда өткізген күндері оның шығармашылық жолына үлкен әсер етті.

Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде болған, болып жатқан әр бір дүние ол кісінің назарынан тыс қалмаған. Қазақ халқының әні, күйі, қазақ жеріндегі тарихи ескерткіштер, құнды жәдігерлер, қазақтың шежірешілдік дәстүрі, халықтың бай қазынасы – ауыз әдебиетін зерттеген ғылыми еңбектері, сонымен қатар қазақ өмірін, оның табиғатпен біте қайнасқан көшпелі тіршілігін көркем тілмен кестелей білген оның әдеби туындылары осыған айғақ.

Қазақ халқының мәдениеті мен әдебиеті, рухани әлемінде халық ауыз әдебиетінің алар орны айрықша. Қазақ халқының тұрмыс-салты, арман-мұраттары, шежіре-тарихы, жалпы ұлтымыздың бүкіл болмысы ауыз әдебиетінде көрініс тапқан. Ауыз әдебиетінің шығарушысы да, таратушысы да, тыңдаушысы да – халық. Акселеу Сейдімбек: «Қазақ халқының рухани әлемін барша жазықтығы мен тереңдігінде айқын көрсеткен, әлі де болса көрсете алатын бір құдірет болса, ол – ауыз әдебиеті. Мақал-мәтелдерінен бастап жұмбақ-жаңылтпаштарына дейін, жыр-термелерінен бастап шешендік сөздеріне дейін, ертегілерінен бастап аңыз әңгімелеріне дейін, тұрмыс-салт өлеңдерінен бастап эпикалық қисса-дастандарына дейін сала-сала болып желі тартып жатқан бітім-болмысы таңқалдырмай қоймайды» [2, 370], – дейді.

Ауыз әдебиеті халықтың рухани өмірін реттеп, адамгершілікке тәрбиелеуші болды. Қазақ халқы үшін ауыз әдебиеті ерте кездері тарихи-әлеуметтік ортаға ықпал етіп, үлкен әлеуметтік маңызға ие болған. Акселеу Сейдімбек: «Осы тұста ауыз әдебиеті тағы да туғаннан өлгенге дейінгі» адам әулетінің рухани серігі ретінде әрі өмір айнасы болып, әрі өміртанушы болып жанынан табылып отырмақ. Хас өнердің халық болмысымен біте қайнасқан әлеуметшіл сипаты дейтініміз де осы» – деген ой айтады [2, 370-

371].

Сонымен қатар, халық ауыз әдебиетінің молдығы, алуан түрлі үлгілері айрықша ден қойғызады. Қазақ халқының ауыз әдебиетінің бірнеше салаларының көбі өлең түрінде болғанын білеміз. Тіпті оның прозалық үлгілерінің өзінде өлең жолдары араласып келеді. Ауыздан-ауызға тарап, ұрпақтан-ұрпаққа ұласып келе жатқан ауыз әдебиетінің озық үлгілерінің бірі – қара өлеңдер. Қара өлеңді фольклордың синкретті жанрына жатқызамыз. Бұл өлеңдерде талай кезеңдегі халықтың ой-арманы, мақсат-мұраты, қуаныш-сүйініші бейнеленген. Қара өлеңде көшпелі өмір салтын ұстанған ұлтымыздың ой-санасы мен болмыс-бітімі шебер өрнектелген.

«Күні бүгінге дейін қазақ халқы ең мол тұтынатын, күні бүгінге дейін ел ішінде тоқтаусыз туындап жатқан әдеби фольклорлық бір жанр болса, ол – кәдуілгі қара өлең. Қара өлең – өмір-тіршіліктің барлық саласын, сезім-түйсіктің барша қадір-қасиетін әсерлі көрсетіп келе жатқан икемді де өміршең жанр. Бір ауыз қара өлең білмейтін қазақты кездестіру қиын. Қара өлең – қырда малшының, ойда диқанның ең бір жүрегіне жақын рухани алданышы. Мұрағат қоржындарында жұлдыздай шашырап жатқан ең мол фольклорлық мұраның бір парасы да осы қара өлең» [2, 373].

Қара өлең, қудым сені бала жастан,  
Дүниенің аз-көбіне карамастан.  
Оралыңның барында ойна да күл,  
Не келіп, не кетпейді мына бастан, –

деген сияқты қара өлең жолдарын жатқа білмейтін қазақ жоқ шығар. Бұл қара өлеңнің халықтық сипатын танытады. Қара өлең – халық арасына мейлінше кең тараған дәстүрлі поэзияның іргелі саласы және қазақ халқының мәдениетінің көрінісі. Заман тынысының жаршысы ретінде қара өлең халықтың сөзін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, тарих толқындарымен бүгінге дейін сақталған.

Сонау ерте ықылым заманнан бері халқымыз жүрек түкпірінде жатқан арман-тілегін, мақсат-мұраттары мен ойын қарапайым қара өлеңмен жеткізген. Ол уақыттың, заманның әлеуметтік арманын танытып отырады. Мысалы:

Көшіп жатыр ауылым, қонып жатыр,  
Қай дегені пенденің болып жатыр?  
Шыққанменен қырықтың қыркасына,  
Арман деген кеудеде толып жатыр, –

деп келетін қара өлең жолдарында халықтың көңіл күйі мен үміт-тілегі жырланған. Көңілі түсіп, өмірде қағажу көрсе де, тіпті ажал жақындап тұрса да адам баласы өмірге тоймайды, ешқашан үмітін үзбейді, онысын әрдайым өлеңмен жеткізіп отырады:

Дүние – бір қисық жол бұраңдаған,  
Бақ тайса мал менен бас құралмаған.  
Күніне мың бір пәле көрсен-дағы,  
Сонда да күдер үзе бір Алладан.

Бұл жолдардан халқымыздың өмірдің қиындығы мен ауыртпашылығы көп болып жатса да кеудесінде арманы өлмейтін өмірсүйгіштік қасиетін аңғарамыз. Халқымыз «армансыз адам – қанатсыз құспен тең» деп бекер айтпаған. Ел басынан өткен талай-талай тарихи-әлеуметтік құбылыстар қазақтың қара өлеңінде көрініс туып, халықтың қайғы-мұңын, қазыналы қуанышы мен арман-аңсағанын осылайша жеткізіп отырған. Осы тұрғыда қара өлеңге Ақселеу Сейдімбек былайша баға береді: «Ең кереметі, аспай да, таспай да, саспай да, халықтың өзі сияқтанып, сабырмен, шыншылдықпен, тапқырлықпен толғайды. Жай толғап, не болғанын айтып қана қоймайды. Жаманнан жиренетіндей, жақсыдан үйренетіндей етіп, оны халықтың үміт-тілегімен сабақтастырып, өмір сабағының оқулығы сияқты санаға ұялатады» [2, 401]. Осы жерде аңғарғанымыз, Ақселеу Сейдімбек қара өлеңді «өмір сабағының оқулығына» теңейді. Расында да қара өлең – қазақ өмірімен біте қайнасып кеткен рухани құндылықтарымыздың бірі.

«Қазақ мәдениеті» атты энциклопедиялық анықтамалықта қара өлең турасында былай деп жазады: «Қара өлең – халықшығармашылығының туындысы. Егер жыраулық поэзия аристократтық құбылыс ретінде ұлттық тұтастықтың белгісі болса, қара өлең құрылымы еркін, халықтық сарынмен ерекшеленеді. Егер жыраулық толғау қазақ ұлттық поэзиясының таза нұсқасы болса, қара өлең формалық түзілімі «аба» жолымен құрылған. Қара өлең әдетте бір шумақтан аспайды. Бұл да оның халықтық үлгі екенін көрсетеді. Қара өлең қазақ поэзиясында таза лирикалық бағытты қалыптастырған» [3, 380].

Осы орайда «қара өлең» деген атаудың мәніне үңілсек. Мұндағы «қара» сөзі тек түстің мағынасын беріп тұрған жоқ. Оған көз жеткізу үшін осы тектес сөз тіркестерін тізбелеп көрейік: қара жер, қара орман, қара халық, қара шаңырақ,

қара түн, қара жұмыс, қара күш, қара нан, қара жұрт, қара шай, қара саба, қара дауыл, қара су, қара қазақ, қара көже, т.б. тізе берсек өте көп. Осы аталғандардың барлығы да заттың тек түсін берумен шектелмейді. Мысалы, «қара жер» деген сөзде «қара» сөзі түс атауы емес, себебі жер жылдың төрт мезгілінде жердің әртүрлі түске оранатынын бәріміз білеміз. Бұл оның байырғыдан келе жатқан қасиетін танытады. Ал «қара орман» сөзінен орманның қалың екендігін білеміз. Ал «қара шаңырақ» – ата-бабадан қалған үлкен үй. Жоғарыда аталған қасиеттің бәрі де қара өлеңге тән. Ол – ежелгі ата-бабадан қалған, ұшан-теңіз, халықпен біте қайнасып, бірге жасасып келе жатқан көне мұра. Ақселеу Сейдімбек ол турасында: «Қара өлең – өзінің аты айтып тұрғандай, мейлінше бұқарашыл, көптің өнері» [2], – деген.

Сонымен қатар бұл жайында Оразақын Асқардың «қара өлең» атауы жайында айтқан мына сөзін тілге тиек етсек: «Енді «өлең» сөзінің анықтаушысы болып тұрған «қара» атауына келетін болсақ, ол осы арада заттың түсін білдіретін негізгі мағынасынан әлдеқайда кең ұғымда. Қара – әлемнің алғашқы қалпы, ежелгі, байырғы деген ұғымды береді. Демек, «қара өлең» дегеніміз – ежелгі сөз ұланту. Байырғы өлең, өлеңнің бастапқы қалпы деген сөз. Қаратау, қара халық, қара сөз, қара жол деген тіркестегі анықтауыштар да тек түсті білдіріп қана тұрмағандығы енді түсінікті. Ежелгі тау, негізгі халық, бастапқы сөз, басты жол деген ұғым беретіндігі анық» [4, 3-4]. Ендеше қара өлеңді қазақтың барлық өлеңдерінің атасы десек болады.

Қара өлеңді белгілі бір кезеңнен, жылдан басталды деуге, сол сияқты белгілі бір уақытта аяқталады деуге болмайды. Ол халықпен бірге туған, барлық замандарда халықпен біте қайнасып, бірге өмір кешіп келеді, өмір кеше бермек.

Осындай халықтың асыл мұрасының зерттелу жайынан сөз қозғауды жөн көрдік. Қазақ ауыз әдебиетінің бастау көздерін сонау Орхон-Енисей жазбаларына телітін ғалымдардың ой-пікірлері баршылық. Десек те біз білетін ғылыми негіздегі зерттеулердің ішінде алғашқылардың бірі ретінде Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегін ауызға алатынымыз анық. Себебі жалпы түркі жұртына ортақ мұраларды, соның ішінде қазақтың өлең үлгілерін алғаш хатқа түсірген осы еңбек

болатын. Негізінен қазақ халқының фольклорлық мұрасы XVIII ғасырдан бергі кезеңде ғана арнайы жинақталып, зерттеу объектісі бола бастады. Бұл кезеңде ауыз әдебиетін зерттеуден гөрі, жинау ісі басым болғанын білеміз. XVIII-XIX ғасырларда орыстың А.И.Левшин, В.В.Радлов, А.В.Васильев, А.Е.Алекторов, И.Н.Березин сияқты ғалым-зерттеушілері қазақтың ауыз әдебиетін қызығушылықпен жинап, пікірлерін қалдырды.

Ғалымдар XIX ғасырдың ортасынан бастап қара өлеңге жеке жанр ретінде назар аудара бастады. «Қара өлең» деген атауды алғаш хатқа түсіріп, арнайы пікір айтқандардың бірі Шоқан Уәлиханов болатын: «Қара өлең – әдеттегі, үйреншікті өлең, бұл өлең – төрт жолдан құралған жеке шумақ. Әр шумақта жеке-жеке ой жатады, сондай-ақ бұл өлең дауысқа негізделеді. Көбінесе төрт жолды шумақтар мағынасыз болып келеді» [5, 165]. Шоқан Уәлиханов осы қысқа ғана жазбасында қара өлеңнің дара қасиетін айқындайтын маңызды пікір қалдырған. Ауыз әдебиетін зерттеушілердің қатарында қара өлең жайлы М.Ғабдуллиннің мынандай пікірі кездеседі: «Тұрмыс-салтқа байланысты әңгімелер айтылатын болса, онда өлең түрі де өзгереді, мұндай жағдайда «жырдың» орнына он бір буынды қара өлең қолданылады» [6, 233]. Ғалым-зерттеушілердің ішінде Б.Уахатов қара өлеңнің сегіз қасиетіне тоқталады: «Бірінші – қара өлеңнің құрылысы қашанда он бір буынды, төрт тармақты болады; екінші – осы өлеңнің 1-2-4-жолдары ұйқасады да, 3-жолы ұйқаспай бос қалады; үшінші – қара өлеңнің әр шумағында жеке бір ой (идея) айтылады; төртінші – әр шумақтың алдыңғы бір не екі жолы негізгі айтылар оймен тікелей байланысты болмайды, сырт тұрады; бесінші – қара өлең көбіне жұртқа таныс, көп құлағына сіңген, жарым-жартысы жаттамалы жолдардан, теңеу, салыстырулардан тұрады; алтыншы – қара өлең ойын-сауық үстінде айтылатын болғандықтан, мұнда үлкен күрделі мәселелер қозғалмайды, тек жиналған жұртты көңілдендіріп, күлдіруді көздейді; жетінші – қара өлеңнің қосалқы жолдары негізінен халықтың тұрмыс-тіршілігінен, әдет-ғұрып, жора-жосығынан туған түсініктерді арқау етіп, табиғат дүниесін суреттейді; сегізінші – қара өлең көпке әбден мәлім ән әуенімен орындалады. Сондықтан белгілі бір мелодия сазына кез келген қара өлеңді ыңғайлап айта беруге болады» [7, 235]. Б.Уахатовтың

бұл пікірі – қара өлеңнің ерекшеліктерін айқын көрсетіп берген құнды пікір. Сонымен қатар, қазақ ғалымдарының ішінде қара өлең туралы ой түйіп, пікір айтқандар – М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Б.Кенжебаев, Ә.Тәжібаев, З.Ахметов, Ы.Дүйсенбаев сияқты ғалымдар.

Рахманқұл Бердібайдың 1988 жылғы «Қазақ әдебиетінде» жарияланған мақаласында қара өлеңнің кейінгі жылдары зерттелуі жайлы мынандай пікір айтады: «Осы орайда, соңғы кезде бұл олқылықтардың орнын толтыруға талпыныс жасап, қара өлең нұсқаларын ел аузынан жинап, архив қорынан теріп, бұрынғы-соңғы басылымдардан сүзіп, халық қазынасын халықтың өз игілігіне жарату үшін еңбектеніп жүрген қаламгерлер Ақселеу Сейдімбеков пен Оразақын Асқардың еңбегі құптауға тұрарлық игі қадам екенін атап өткен жөн» [8, 13-15].

Иә, кейінгі кезеңде қара өлең жайлы ой қозғап, қара өлең үлгілерін жинастырып, елеулі еңбек етіп жүрген Оразақын Асқардың қара өлең жайлы зерттеуін айрықша атап өту қажет. Оның қара өлең үлгілерін ел аузынан жинап-құрастырған «Қара өлең» атты жинақ-кітабы мен бірнеше толымды зерттеу мақалалары бар. Бұл кітапта қара өлеңнің он мың жолға жуық мол қоры жинақталған. Сонымен қатар, қара өлеңдерді 23 тақырыптық топтарға бөлген. Мысалы, өлең туралы, той бастар, көші-қон өлең, домбыра өлең, қыз өлең, жігіт өлең, бәдік өлең, қайым өлең, базар өлең, жұлдыз өлең, т.б. сияқты бөлімдерге бөліп, қара өлең нұсқаларын ұсынады. Оразақын Асқардың пікірі бойынша қара өлең айтыс, мақал-мәтел, ән, дастан, поэма сияқты әдебиет үлгілерінің пайда болуына түрткі болған.

Қара өлең жайында, оның тарихи тек-тамыры мен жанрлық және көркемдік ерекшелігі турасында қазақ әдебиетін зерттеген еңбектерде, әртүрлі ғалымдардың, тарихшы-әдебиетшілердің мұраларында аздаған пікірлер кездесіп қалғаны болмаса, толыққанды зерттеу еңбек жоқтың қасы болатын. Ал осы арнайы зерттелмей жатқан ауыз әдебиетінің қызықты саласын алғаш рет толыққанды зерттеп, жинақтаған ғалым А.Сейдімбек еді.

Бұқара халықтың ауызша әдебиетінің төлтума үлкен бір саласы – қара өлең фольклоршы-ғалым Ақселеу Сейдімбектің кандидаттық ғылыми еңбегінің арнайы зерттеу объектісі ретінде тұңғыш рет назарға алынды. Халық арасына ең бір кең тараған, көпшілікке ұғынықты жанр

ретінде қазақтың қара өлеңін арнайы зеттеп, 1989 жылы «Қазақтың дәстүрлі халық лирикасындағы қара өлең жанры» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғайды. Одан кейін бұл еңбегін толықтырып, «Мың бір маржан» атты кітабын шығарады. Ақселеу Сейдімбектің бұл кітабы «Тармақ», «Бунақ», «Ырғақ» атты үш тараудан тұрады. «Тармақ» тарауында қара өлеңнің зерттелу жайы, тақырыптық аясы, құрылымдық ерекшеліктері сараланып, «Бунақ» тарауында қара өлеңге қатысты танымдық ақпараттар беріп, астарына үнілген, ал «Ырғақ» тарауында қара өлең нұсқаларының үлгілерін ұсынған.

Еңбекте ел ішінде туындауын күні бүгінге дейін тоқтатпаған, өмірді шынайы бейнелейтін, қазақтың төлтума қара өлеңнің ел ішінде жиі кездесетін өлең екендігі, әр шумақта жеке-жеке ойдың түйінделетіндігі, оның төрт жолдан тұратындығы мен әнге қосып айтылатындығы сияқты өзіне тән бірнеше ерекшеліктері нақты мысалдармен ғылыми тұрғыда талданған.

Ақселеу Сейдімбектің бұл еңбегінде қара өлеңнің жанрлық ерекшелігіне, көркемдік шалымына, бітім-құрылысына, тарихи қалыптасу жолдарына, қоғамдық-әлеуметтік мәніне және әсер-ықпалына қатысты бірталай ғалымдардың ой-пікірлері ортаға салынып, өзінің тұжырымдарымен ойын түйіндей отырады. Әсіресе қара өлеңнің көркемдік-поэтикалық ерекшелігіне талдау жасап, халықтың тарихи-әлеуметтік болмысымен біте қайнасқан төлтума қасиетіне назар аударады. Қара өлеңнің ән-әуенмен тікелей баланысы, салт-дәстүрге қатысы бар синкретті сипаты жайлы да арнайы ой қорытқан.

Сондай-ақ, кейбір қара өлең үлгілерінің көп нұсқалы болып келетіні, халық ақындарының шығармаларындағы теңеулермен ұқсас болып келетініне арнайы тоқталып, саралап берген. Бір қара өлең нұсқасының екінші бір нұсқамен қайталануы, әсіресе, халық әндерінде, халық композиторларының ән мәтіндерінде кедесетіні турасында айтқан. Бұл еңбекте қара өлеңнің 1001 шумағы сұрыпталып берілген, сонымен қатар қара өлең қайырмаларының алуан үлгісін молынан қамтыған. Бұған дейінгі зерттеулерде кездескен қара өлең нұсқаларынан бөлек қаншама мол мұра осы еңбекте жарық көрген. Зерттеу еңбектің құндылығы – қазақтың қара өлеңінің өзіндік орнын тарихи, мәдени өмірмен шендестіре қарастыруында.

Одан әрі қарай өз еңбегінде Ақселеу Сейдімбек қара өлеңді тақырыптық жағынан саралап, қандай ой айтпақ болғанын талдап көрсетеді. Оның «бұл орайда қара өлең адам қоғамының барша өмір-салтының, салт-дәстүрінің, моральдық-этикалық нормаларының, сұлулық туралы таным-түсініктерінің, сезім-күйлерінің поэзиялық үлгідегі энциклопедиясы немесе галереясы сияқты»[2, 401] деген пікірі шынымен де орынды. Осы сөзінің дәлелі ретінде ол бірнеше мысалдарды келтіреді. Мысалы:

Дүние, кудым сені жалықпай-ақ,  
Судағы ұстатпайсың балықтай-ақ.  
Көрсетіп бірде алдыңды, бірде артыңды,  
Қойдың ғой дидарыңды танытпай-ақ! –

деген жолдарда ғалым басы жұмыр пендеге бір-ақ рет берілер жарық дүниенің сырын білгісі келіп шарқ ұрған, өмірдің ащылы-тұщылы дәмін татқан адамның сергек санасын танытады деген ой айтады[2, 401].

Ақселеу Сейдімбек кісілікті пір тұтқан, тек қана адалдықты аңсаған, соған лайықты ғұмыр кешуді өзінің өмірлік мұраты еткен адамның болмысын суреттейтін мына бір өлең шумақтарын ұсынады:

Баспадым жардың шетін құлай ма деп,  
Ішпедім арық суын лай ма деп.  
Жаманмен дос болуға мен қорқамын,  
Күн туса ердің құнын сұрай ма деп.

Сонымен қатар А. Сейдімбек қара өлеңдерде өмірдің ауыр тауқыметін белшесінен кешіп жүрсе де мойымайтын, сол ауыр тауқыметке өзінің оптимистік рухын, сергек те сезімтал көңілін қарсы қоя алатын адамның тұлғасы сомдалған деген пікір білдіреді. Сонымен қатар қара өлеңде кездесетін:

Бойың түзу мылтықтың теміріндей,  
Көзің қара ағаштың көміріндей.  
Жақсыменен бір болған жалғыз сәтің,  
Жаманның өтіп кеткен өміріндей, –

деген жолдар қазақ қызының бітім-болмысына тән ортақ сұлулықты образды теңеумен тап басып елестетіп, әрі жақсы өткен жалғыз сәттің жаман өткен ғасырдан артықтығын тағы да халықтық талғам-түсінік тұрғысында жеріне жеткізіп айта білген деген баға береді. Ақселеу Сейдімбектің осы айтылған барлық пікірлері

мен талдауларына қарап шынымен де қара өлеңді адам өмірінің өлеңмен өрнектелген тұтас бір галереясына ұқсатасың.

Қара өлең жолдары айтылған ортада түсінікті екенін, сол ортадағы адамдардың болмыс-бітімдеріне, тағдыр-талайына тікелей қатысы бар астарлы емеурін сөздер екенін ғылыми тұрғыда дәлелдеп, ғылымдағы қалыптасып қалған «қара өлеңде түсініксіз сөз тіркестері көп» деген пікірге қарсы ой айтады. Оған мысал ретінде қара өлеңнің:

Боз беткейлі, ендеше боз беткейлі,  
Боз беткейден жайылған мал кетпейді.  
Шөбі жұмсақ, шаруаға, малға жайлы,  
Бағаналы Мансарға жер жетпейді, –

деген және:

Бешпентім бар үстімде тайға алғандай,  
Қадірім бар сәулемге ойға алғандай.  
Өз елімде мен жақсы болып жүрсем,  
Менің сәулем болады бәйге алғандай, –

деген шумақтарды алған. Автордың айтпақ ойын толық әрі дұрыс түсіну үшін осы өлеңдерді талдаған жолдарын өз сөзімен берген дұрыс деп есептейміз. Бірінші қара өлең туралы: «Егер таным-талдаудың әбден құлақ сарсылтқан бірқакпай моделіне салсақ: «Ау, айтқысы келіп, мақтағысы келіп отырғаны Мансар деген жері болса, бозбеткейі несі, боз беткейден мал кетпейдісі несі, айтар ой нағыз поэзияда шашырамай, шатқаяқтамай, шып-шымыр болып түсе қалу керек емес пе?!» – деп кегеңдеп шыға келер едік.

Кез келген өнер, оның ішінде қара өлең де сырттан таңылған немесе алдын-ала кесіп-пішілген теориялық үлгі үшін дүниеге келмейді. Егер қара өлеңде алдымен ауызға «боз беткей» түссе, ол – тіршілігіне тірек, күнкөрісінің берекесі шүйгін өріске сүйсінгені. Шүйгін өрістен мал кетпейтіні – береке-дәулеттің айғағы. Сол береке-дәулеттің мекені – туған жері Мансар. Бұл шумақты айтушы да, тыңдаушы да осылай түсініп, осылай қабылдайды. Және де халықтың мәдени айғағына айналған тек қана қара өлеңдік үлгі-модель бойынша айттып, түсінеді» [2, 404], – десе, екінші қара өлең жайлы мынандай ой қорытады: «Осындағы алғашқы жолды – «қымбат бешпент туралы екен», екінші жолды – «жігіт өзінің сүйгеніне

қадірлі екен», үшінші және төртінші жолды – «жігіт еліне сыйлы болса ғана сүйгеніне ұнайды екен» деп жалаңаш қабылдауға бола ма? Олай қабылдайтындар өзі біледі, ал қара өлеңді рухани игілігі деп білген халық мұны әлдеқайда мазмұнды ассоциациямен қабылдайды. Жігіт үстіндегі бешпенттің тайға алғандай болуы оның талғампаздығын, зиялылығын, дәулетінің де бір басына жетерлігін аңғартып тұр. Сүйгеніне осы қасиеттерімен-ақ ұнайтынын жігіт біледі. Алайда, сүйгеніне қапысыз ұнап, алаңсыз болу үшін жігіт еліне ұнауды, жұртына қадірлі болуды өмір мұраты ретінде көксейді» [2, 404-405].

Акселеу Сейдімбек жалпы қара өлеңнің табиғатын, өзіне тән ерекшеліктерін типологиялық аспектіде қарастыра отырып, орнықты пікірлер айтады. Қазақ халқының ауыз әдебиеті мен әлем халықтарының фольклорлық мұраларындағы формалық жағынан ұқсастықтарды талдап көрсетеді. Атап айтсақ, қара өлеңде айтылатын ойлардың қарақалпақ, өзбек, қырғыз, латыш, венгр, орыс халқының фольклорлық мұраларында кездесетіні жайлы мысалдар келтірген. Мысалы, орыс фольклорында кездесетін:

Наша реченька глубока,  
На ней тоненький ледок.  
Целовал меня миленок  
Губы сладки как медок, –

деген шумақпен қазақтың қара өлеңінде бар:

Қара су есік алды өткелі жоқ,  
Жерінен өткелі жоқ өткенім жоқ.  
Жүрекпен шын сүйіскен тату едік,  
Жерімнен уәделі кеткенім жоқ, –

деген шумақтарды салыстыра отырып осы шумақтардың көркемдік тәсіл тұрғысынан да, астарлап ой айту тұрғысынан да үндесіп жатқанын айтып кетеді. Бұдан басқа да бірнеше мысалдар келтіріп, салыстырулар жасайды. Осы жерде ол мұндай өлеңдерде ұқсастық көп болғанымен, әр елдің тарихи таным-түсінігі өзгеше екенін де ескереді.

Қара өлеңдер көбінесе ойға, өмірді бақылай келіп айтылған қорытынды пікірлерге құрылған. Бұл өлеңдер көбінесе табиғат пен адам өмірін астастыра суреттейтін философиялық-дидактикалық сипатта келеді. Өмір заңдылығы жайлы философиялық мәндегі қара өлеңдерде

болмыс, адам жөніндегі ойларға келер болсақ, бұл дүниені өтпелі жалған ретінде қарайды, еш нәрсе бұл дүниеде мәңгі емес деген ой айтады.

Өмір деген, ойласам, шолақ екен,  
Адамдар бір-біріне қонақ екен.  
Қызғалдақтай жайнаған қызық өмір,  
Қазан ұрмай, қар жаумай солады екен, –

деген жолдар дүние-жалған деген философиялық тұжырымды нақтылай түседі.

Қара өлеңде тіршілік заңдары, өмірдің шарттары, адам ғұмыры барынша шынайы бейнеленген:

Дүние, өтерінде сынаптайсың,  
Таулардан жылжып аққан бұлақтайсың.  
Басына талай ердің аттай теуіп,  
Сұм жалған, қайда барып тұрақтайсың, –

деген жолдарда зерттеуші Адам – Қоғам – Табиғат арасындағы қарым-қатынасты халықтық дүниетаным мен көшпелі өмір қалыптастырған психология тұрғысынан тығыз бірлікте қарастырады.

Сонымен қатар зерттеуші кара өлеңде қандай мәселелер сөз болатыны айта келе, кара өлеңдерде мол кездесетін махаббат, ғашықтық тақырыбы жайлы біраз сөз қозғайды.

Өлең де жоқ, ән де жоқ салмағанға,  
Армандамын ауылыңа бармағанға.  
Жатсам ұйқым келмейді, тұрсам күлкім,  
Ойнап-күліп мейірім қанбағанға, –

деп келетін кара өлең шумақтары өте көп. Мұндай шумақтар көбінесе әзіл-қалжыңға құрылған болып келеді. Өмір ылғи да қызық-қуаныштан тұрмайтыны анық, өмір болған соң қызығы мен қайғысы қатар жүрері анық. Сүйгеніне қосыла алмаған ғашық жан өзінің арыз-арманына кара өлеңмен жеткізеді:

Түскенде сен есіме, сүйген сәулем,  
Көл болып көздің жасы сорағытқан.

Егер ғашықтар сүйгеніне қосыла алмай, құлазып, шарасыз күй кешер болса, оның жүрегін жұбатып, жанына ең алдымен дәру болатын – кара өлең екенін айта отырып, кара өлеңнің ойын-тойға жиналған қыз-бозбала бір сәт тосылып қалса, тез тілдесіп кетулеріне осы көмекке келетінін, тіпті осындай жиын-тойларда

кара өлең арқылы адамдардың бір-бірімен танысып, білісетіндігін, әзіл-қалжындарын жарастырып отыратындығын айтады. «Қыздың жолы жіңішке» болғандықтан өз сезімін ашық айта алмаған, жігіт сөзіне жауап ретінде көпшілік жерлерде тілдесу құралы осы кара өлең болғандығын айтып кету қажет. Сонымен қоса, зерттеуші кара өлеңнің шалғайда жүрген дос-жаранның, ағайын-туғанның, сырлас ғашықтардың арасын сәлем хат болып та жалғастыратындығын ерекше айтып кеткен.

Ақселеу Сейдімбек кара өлеңнің табиғат құбылыстарын, туған жердің табиғатын суреттеуде, сонымен қатар, адамның мінез-бітімін, болмысын, сырт-тұлғасын, кескін-келбетін суреттегенде мейлінше оралымдылығы қайран қалдыратындығын айтады. Соған мысал ретінде кара өлең нұсқаларынан бірнеше мысалдар келтіріп, талдау жасайды. Осы орайда ол кара өлеңнің халық болмысын тануда телегей-теңіз дерек көзі екендігін атап кетеді. Расында да, кара өлең қазақ халқының рунани айнасы іспеттес десек қаталеспейміз.

Қара өлеңнің өзіне тән бір ерекшелігі – кез-келген әуенге қосып шырқала беретіндігі, сондықтан да оны кез-келген адам кара өлеңнің ішінен жанына жақын деген үлгілерін алып, даусына қолайлы, жүрегіне жақын әуенге салып орындай алады. Бірақ бірде-бір кара өлеңнің тұрақты әні болмайтындығын білеміз, алайда әнге салып айту барысында міндетті түрде қайырма қосылып айтылады, қайырмалары ән әуеніне сай өзгере береді. Автор осы жайлы егжей-тегжейлі түсіндіріп шығады. Тіпті кара өлеңнің тұтас бір әуендік-әншілік мектептердің орнығуына ықпал еткенге ұқсайды деген ой айтады.

Ақселеу Сейдімбек өз еңбегінде кара өлеңнің тек тамыры исі түркі халықтарына ортақ байырғы әдеби жәдігерліктермен сабақтасып жатқандығына назар аударып, «Оғызнама», «Қорқыт ата кітабы», Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік», Махмұт Қашқаридің «Түркі тілдерінің сөздігі», Ахмет Иүгінекидің «Ақиқат сыйы», «Кодекс куманикус» сияқты еңбектерде сөз тіркестерінің сәйкестіктеріне, образды теңеулердің ұқсастықтығына мысалдардың көп екендігін айтады.

Қара өлеңнің бітім-болмысын, көркемдік қасиеттерін, халық әдебиетіндегі алар орнын, оның оқшау жанр екендігін санамалай келе кара өлеңнің сегіз түрлі ерекшеліктері мен қасиетін атап көрсетеді:

«1. Қара өлең міндетті түрде он бір буынды, төрт тармақты болып келеді;

Қара өлең міндетті түрде а-а-б-а түрінде аралас ұйқасады;

Қара өлеңнің тақырып аясы өмірдің өзіндей шексіз болғанымен, әр шумаққа белгілі бір ғана ой арқау болып отырады. Ол ой – жиын-тойдағы жеңіл әзіл-оспақтан бастап, өмірдің мәні мен сәніне, ел қамы мен халық тағдырына дейінгі кесек тақырыптарды тілге тиек ете алады;

Қара өлеңдегі ой-тұжырым көбінесе дедуктивті формада, яғни силлогизм тәсілімен айтылады. Мұндайда өлеңнің алғашқы екі жолындағы ой дәстүрлі ұғым жүйесі бойынша екінші бір ойдың образдық-нышандық, емеуріндік айғағы немесе шендестірілген постулаттық негізі болып келеді де, сол ой-айғақ өлеңнің үшінші және төртінші жолында айтылар тоқетер түйін идеяға қызмет етіп отырады;

Қара өлең міндетті түрде созылмалы немесе қоңыр әнге салынып айтылады. Бірақ бірде-бір қара өлеңнің тұрақты әні болмайды. Әркім өзінің даусына лайықты әнге қалаған қара өлеңін салып айта береді. Мұның өзі қара өлең айту дәстүрінде әннен гөрі сөздің, ой-ниет білдірудің негізгі міндет атқаратынын білдіреді;

Әр әннің ырғақтық ерекшеліктеріне орай қара өлең тармақтарындағы бунақтар орын ауыстыра береді. Мәселен, «Елім-ай!» әнінің өлеңіндегі бірінші тармақ «Қаратаудың басынан көш келеді...» деп айтылады ғой. Егер осы тармақтағы бунақтардың орнын ауыстырып, «Басынан Қаратаудың көш келеді» деп айтса, «Елім-ай!» әніне салуға үйлеспес еді. Сондықтан да әр әннің ырғақтық ерекшеліктеріне орай қара өлең бунақтары да орын ауыстыра береді. Тек ұйқасатын бунақтар ғана тұрақты болады;

Қара өлеңнің тұрақты қайырмасы болмайды. Бірақ әнге салып айту барысында міндетті түрде қайырма қоса айтылады. Қара өлең қайырмасы формасы жағынан алуан түрлі болып, ұдайы негізгі ой-ниеттің мәнін аша түсуге, эмоциялық қуатын арттыруға қызмет етіп отырады;

Қара өлеңнің жұрт талғамында сұрыпталған асыл үлгілері ауыздан-ауызға тарап, көптің жадында жүргенімен, өмірдің мың сан жағдайына орай ел ішінде ұдайы тыңнан туындап жатады» [2, 418-419].

Зерттеушінің қара өлеңнің осындай белгілерін сипаттаған сегіз түрлі ерекшеліктері алдында айтып кеткен Б. Уахатовтың пікірлерімен үндесіп жатыр. Тек Б. Уахатовтың

«қара өлеңнің алғашқы екі жолы негізгі айтылар оймен байланысты болмайды» және «мұнда үлкен күрделі мәселелер сөз болмайды» деген ойына қарсы пікір айтады.

Осы орайда Ақселеу Сейдімбектің қара өлеңнен бөлек қазақтардың бейпіл ауыз сөздерін жинап, бастыруын айта кету қажет. Бұл жинақ «Бейпіл сөздер» деген атпен 2000 жылы жарық көрді. Бұл турасында Ақселеу Сейдімбек өзі былай дейді: «Бұл ретте, қазақтың бейпіл сөздеріне, дәлірек айтқанда эротикалық фольклорына да халықтың төлтума мұрасы ретінде ден қоюдың мән-маңызы айрықша зор» [9, 174].

Әлемнің көптеген елдерінде эротикалық фольклорды жинау және зерттеу ертеден қолға алынған. Ал қазақтың эротикалық фольклоры арнайы жинақталып жарық көргені болмаса, халық мұрасы ретінде әр кезде ғалым-зерттеушілердің назарын аударып отырған. Бұл ретте Әбубәкір Диваев, Әлкей Марғұлан, Бейсембай Кенжебаев, Мырзабек Дүйсенов сияқты зерттеушілердің, Ғабит Мүсірепов, Сапарғали Бегалин, Қуандық Шаңғытбаев, Шерхан Мұртаза, Оразақын Асқар сияқты белгілі қаламгерлер әр кездері эротикалық фольклор үлгілерін жинастырған. Ақселеу Сейдімбек әйгілі қаламгер Ғабит Мүсіреповтің әр кездері жинаған бейпіл сөздер туралы айтқанын тілге тиек етеді: «Мен онша боқауызшыл адам емеспін. Боқауыз өлеңдерді айтушыларға іштей бейімдігім де жоқ. Сонда да теңеулері мен бейнелеулері оқыс көрінетіндерден кездесе қалса елеусіз тастамаймын. Өйткені, боқауыз өлеңдерде өлеңнің өзге түрлерінде кездеспейтін теңеулер, бейнелеулер болады. Бұл – бір. Екінші, боқауыз өлеңдер – көбінесе халық творчествосы. Әсіресе, жоғарыдағы айтылған оқыс теңеулер, бейнелеулер далада қалмауы керек» [9, 181].

Қазақ фольклорының барлық жанрында дерлік емеурін мен астарлап айту арқылы жеткізетін эротикалық фольклор үлгілері ұшырасып отырады. Олар халықтың байырғы таным-түсінігіне айғақ болатын мифтік аңыз-әңгімелерден бастап, эпос, ертегі, жұмбақ, мақал-мәтел, айтыс, қара өлең, тұрмыстық әңгімелер сияқты фольклорлық жанрлар түрінде молынан ұшырасады.

Ақселеу Сейдімбек әркілі пікір-бағаға қарамастан, халық мұрасы ретінде алғаш рет қазақтың бейпіл сөздерін жинап, оның ғылыми басылымын жарыққа шығаруы қазақ фольклорына қосқан бір үлесі деп есептейміз. Ия, қазақтың

бейпіл ауыз сөздерінің де қазақ халқының әдеби мұрасында алар орны айрықша екені даусыз. Сондықтан да, Ақселеу Сейдімбектің бұл тұрғыдағы еңбегін үлкен іс деп атауымызға болады.

Ауылдың қазыналы қарттарының шежіре-тарихқа тұнған әңгімелеріне жастайынан қанық болып өскен жазушы-ғалым шығармашылығының бастау бұлағы, қайнар көзі осы халықтың ауыз әдебиетінде жатыр.

Ақселеу Сейдімбек ауыз әдебиетіне тән ежелгі өлең үлгілеріне, әсіресе он бір буынды қазақтың қара өлеңінің өрнегіне назар аударып, фольклордың осы түрін зерттеуге келгенде Ақселеу қара өлеңнің барлық қасиетін барынша зерттеп-зерделеді. Ғалымның бұл еңбегі оның зертеуші-ғалым ретіндегі қабілет-қарымын айғақтап берді. Қазақтың фольклорлық мұрасы, оның ішінде қара өлең табиғаты жайлы жазған зерттеу еңбектерін әдебиет ғылымына қосқан үлкен үлесі деп есептейміз.

Ақселеу Сейдімбектің ғылыми қарым-қабілетіне баға берген Мекемтас Мырзахметов: «Менің білетінім Ақселеу қазақтың бағына біткен, қажыр-қайраты мен білім деңгейі өте жоғары асыл азаматтардың бірі болатын. Ол қазақтың рухани қазынасы – күйді зерттеуге

зор үлес қосты, өзге әдебиетші ғалымдардан Ақселеудің бір ерекшелігі, ол әрдайым тың дүниелерге барып, баға жетпес құндылықтарды туған халқына қайтаруға тырысты...» [10, 5], – дейді. Ия, шынымен де, Ақселеу Сейдімбектің еңбектеріне қарап отырып, оның қазақтың өнеріндегі, әдебиетіндегі бұрын айтылмай, зерттелмей келе жатқан тың дүниелерді жарыққа шығарып, халық игілігіне жаратуға тырысқанын көреміз.

Қазақтың фольклоры туралы зерттеуін ғалым әуелі халық мұрасын жинақтаудан бастады десек, бұл тұрғыда ғалым А.Сейдімбектің тындырған істері ауыз толтырып айтарлық. Ғалым жинақтаған қара өлең нұсқалары екі том көлемінде қазақтың фольклорлық мұрасын толықтырды, халық мұрасы ретінде алғаш рет қазақтың бейпіл сөздерін жинап, оның ғылыми басылымын жарыққа шығарды. Ол қазақ халқының әлі де болса толыққанды зерттелмей келе жатқан фольклорлық мұрасын жинау, зерттеу, жариялау жұмыстарымен өмірінің соңына дейін айналысты десек болады. Ол өзінің бар білімі мен қажыр-қайратын туған халқының мүддесіне қызмет ететін дүниелерді зерттеуге арнап, сол жолда жемісті еңбек ете білген айтулы тұлға еді.

#### Әдебиеттер

- 1 Қирабаев С. Менің Ақселеуім // Егемен Қазақстан. – 2009, 12 желтоқсан. – 5-б.
- 2 Сейдімбек А. Шығармалары. Алты томдық. – Астана: Фолиант, 2010. Т.2. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. – 816 б.
- 3 Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруана, 2005. – 656 б.
- 4 Қара өлең (Ел аузынан жинап, құрастырған Асқар О.). – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
- 5 Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 560 б.
- 6 Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы, 1958. – 348 б.
- 7 Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. – Алматы: Ғылым, 1974. – 288 б.
- 8 Бердібай Р. Қазақтың қара өлеңі – қазынасы // Қазақ әдебиеті. – 1988, 18 қараша. – 13-15-б.
- 9 Сейдімбек А. Шығармалары. Алты томдық. – Астана: Фолиант, 2010. Т.5. Мақалалар, пікірлер, сұхбаттар. – 880 б.
- 10 Мырзахметов М. Тұла бойы тұнған өнеге еді // Айқын. – 2009, 17 қыркүйек. – №172. – 5-б.

#### References

- 1 Kirabaev S. Menin Akseleuim // Egemen Kazakhstan. – 2009, 12 zheltoksan. – 5-b.
- 2 Seydimbek A. Shygarmalary. Alty tomduk. – Astana: Folio, 2010. V.2. Kazak alemy. Etnomadeni payymdau. – 816 b.
- 3 Kazak medenieti. Entsiklopediyalyk anyktamalyk. – Almaty: Arua, 2005. – 656 b.
- 4 Kara olen (El auzynan zhinap, kurastyrgan Askar O.). – Almaty Zhazushy, 1989. – 320 b.
- 5 Ualihanov Tangdamaly Sh. – Almaty Zhazushy, 1985. – 560 b.
- 6 Fabdullin M. Kazak halkynun auz әdebieti. – Almaty, 1958. – 348 b.
- 7 Wahat B. Kazaktun Khalyk olen deri. – Almaty Gylım, 1974. – 288 b.
- 8 Berdibay R. kazaktun Kara oleni – kazynasy // Kazak әdebieti. – 1988, 18 qarasha. – 13-15-b.
- 9 Seydimbek A. Shygarmalary. Alty tomduk. – Astana: Folio, 2010. T.5. Makalalar, pikirler, suhbattar. – 880 b.
- 10 Murzahmetov M. Tula Boyı tungan onege edi // Aukyn. – 2009, 17 kurkuyek. – № 172. – 5-b.